



№4 (9891)
14 қаңтар,
сенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жаңалаған Жаршылысы



Ел жаңалықтары

«Қазақстан халқына» қоры 15,3 млрд теңгеден астам қаржыға өмірге қауіп төндіретін, сирек кездесетін және созылмалы аурулары бар 130 емделушіні дәрілік заттармен қамтамасыз етті. Олардың 118-і – орфандық ауруға шалдыққан науқастар.

Қор 130 азаматты қымбат дәрімен қамтамасыз еткен



Айта кетейік, аталған қор қаражаты есебінен барлығы 20 түрлі дәрі сатып алынған. Олардың ішінде жұлын бұлшық ет атрофиясы бар балаларға қолданылатын әлемдегі ең қымбат дәрілік зат – «Золгенсма» да бар. Онкологиялық және онкогематологиялық дерті бар пациенттерге, сондай-ақ Дюшеннің бұлшық ет дистрофиясы, мюковисцидоз, туа біткен липодистрофия, жүйелі қызыл жегі, өкпенің лимфангиолейомиоматозы, эпителианың сирек және фармакорезистентті түрлері, тұқым қуалайтын ангионевротикалық ісіну, жасөспірімдердің идиопатиялық артриті, пароксизмальды түнгі гемоглобинурия ауруы, атипті гемолитикалық-уремиялық синдром сияқты диагноздары бар емделушілерге арналған дәрі-дәрмектер сатып алынды.

Қор тарапынан қолдау көрген балалардың бірі – Таира Мұхтар. Нейробластома диагнозы қойылған оған ремиссияға шығу үшін «Карзиба» препараты берілген. Дәрінің 1 құтысының бағасы – 6 898 600 теңге. Таираның емдік курсы үшін 25 құты сатып алынған. «Карзиба» – Қазақстанда тіркелмеген, ауыр түрдегі нейробластоманы емдеуге арналған қымбат дәрі.

Науқастың анасы былтыр 2 жасар қызына нейробластома диагнозы қойылғанда, тиімді ем жүргізу үшін «Карзиба» дәрісімен иммунотерапия керектігін естіген. Өкінішке орай келіпдендірілген мемлекеттік медициналық көмек аясында бұл препарат берілмейді екен. Ресейде осы дәріні сатып алу үшін ата-аналар 30 млн рубль жинауға мәжбүр. Ал Таираның анасы препаратты алу үшін жинаған мүлкі сатып, қарыз алуға және қаражат жинау үшін қор ашуға бел буылты. Бірақ «Қазақстан халқына» қорының арқасында қызы 3 емдеу курсынан өткен. Енді тағы 2 курсы бар екен.

Ол толығымен сауығып шығуға, өмір бойы ремиссияға шығуға мүмкіндік барын айтады. Шетелге барудың, қор ашудың, баласының денсаулығы үшін үнемі қорқыныспен өмір сүрудің қажеті жоқ деп есептейді. Қазір науқас өз елінде емделіп жатыр.

Орфандық және ауыр сырқаттарды емдеу дәрі-дәрмектердің жоғары құнымен ерекшеленеді. Бұл сирек дәрілік заттардың жеткізуісін іздеу күрделі үрдіс, әрі дәрі-дәрмек тек алдын ала жіберілген өтінімдер бойынша ғана шығарылады. Сондықтан сирек кездесетін дәрілерге өтінімдер алдын ала жіберілуі тиіс. Одан бөлек дистрибьюторлар препараттардың аз мөлшерін жеткізуге мүдделі емес.

«ЖЖ» ақпарат

Қабылдау

Тұрғындардың талап-тілегін тыңдады

Ауданға қарасты елді мекендер әкімдері жергілікті халықты жеке мәселесі бойынша жиі қабылдап, қабылдауда көтерілген мәселелердің шешіміне жұмыс жасаңыздар. Мемлекеттік қызмет – бір жағынан сіздерге сол халықтың мәселесін шешуге берілген мүмкіндік. Барлық елді мекенде осындай жеке қабылдаулар ұйымдастырылса, жұмысымыздың нәтижесін көреміз. Сондықтан осыны қаперден шығармаңыздар.



Бұл – аудан әкімі Асқарбек Есжановтың аппарат мәжілісі өткен сайын ауыл әкімдеріне жиі айтатын тапсырмасы. Расында халықтың үніне құлақ түрмей өзің басшылық ететін елді мекенде нендей мәселе барын аңғару қиын. Сондықтан бұл тұрғыда Асқарбек Темірбекұлының ақылмен астақан тапсырмасына алып-қосарымыз жоқ.

Аудан әкімі жергілікті тұрғындарды жеке мәселесі бойынша жиі қабылдайды. Көтерілген мәселелердің мейлінше толық шешіміне жұмыс жасалып та жатыр. Нәтижесі де жаман емес. Кейбірінің көтерген мәселесіне байланысты әрбір елді мекенде бірнеше мәселе беріледі. Белгіленген уақытта оған қатысты нендей шаруа жүзеге асты? Бұл сауалдың да жауабы алынады. Ал кейін қорытындысы сараланатын тапсырмалардың нәтижесінде елдің мәселесі ертеңге қалмайтыны тағы да анық.

Күні кеше Асқарбек Есжанов тағы да аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға келген тұрғындардың басым бөлігі тұрақты жұмысқа орналасу мәселесін көтерді.

Жеке қабылдау барысында үш тұрғынға мамандығына сәйкес тұрақты жұмыс ұсынылды. Сондай-ақ жер мәселесі бойынша кәсіптік мақсатта жер алу заңдылықтары түсіндірілді.

Аудан әкімі денсаулық сақтау саласының қызметкерлері халыққа кезек күттірмей қызмет көрсетіп, мамандардың біліктілігін арттыру керек екенін, тегін берілетін дәрі-дәрінің дұрыс жеткізілуіне, мүмкіндігі шектәулі азаматтарға емханада қолайлы жағдай жасауға және ауылдық округтердегі дәрігерлік көмек көрсетудің қолжетімді болу қажеттігін қатаң тапсырды.

Жеке қабылдау барысында аудан басшысы басқа да мәселелер бойынша заңдылықтарға сәйкес

жұмыс жасалатынын атап өтіп, тиісті сала басшыларына жеке қабылдауға келген әрбір тұрғынның мәселесін бақылауға алу жөнінде тапсырма берді.

Расында тұрғындарды мәселелері бойынша қабылдаудың маңызы зор. Осыған дейін Асқарбек Темірбекұлы елді мекендерді аралап, ауыл тұрғындарын де бірнеше рет кездескен. Ол басқосударда да ауыл халқы жол жарық, ауыз су, аяқ су сынды бірқатар мәселелерді көтерген. Кейін халықтың талап-тілегінің ескерілгенін ауданның даму жоспарына қаныққанда көз жеткізді. Тұрғындар көтерілген әл-ауылдық мәселелердің барлығы сол жоспарда қамтылыпты. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының осылай іс жүзінде жүзеге асқаны кімге болса да тиімді, әрине.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Қаперде болсын

Шетелдік автокөліктерді біржолғы заңдастыру 23 қаңтарда басталады. Бұл жөнінде облыс орталығындағы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қызылорда облысы Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының бастығы Нұрмахан Пазылов хабарлады.

Шетелдік көліктер қашан заңдастырылады?



Оның айтуынша, елге өткен жылдың 1 қыркүйегіне дейін жеткізілген көліктер заңдастырылады. Енгізілген тиісті өзгерістерге сәйкес, көлік иелері утилизациялық алым төлемейді. Десе де 200 мың теңге мөлшеріндегі бір реттік төлем жасайды.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы елімізге 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін өкелінген және ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркуден өтпеген шетелдік автокөліктерді біржолғы заңдастырудан өткізу туралы шешім шығарды. Осыған сәйкес, еліміздегі шетелдік көліктерді бастапқы мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін 200 мың теңге көлемінде төлем қажет. Осыдан кейін алғашқы ресми жарияланған он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, яғни сол күннен бастап біз шетелдік автокөліктерді заңдастыруға кірісеміз. Жалпы шетелдік автокөліктерге бірнеше талап қойылады. Атап айтқанда, елге 2022 жылы 1 қыркүйекке дейін өкелінуге керек, іздеуде болмауы шарт, басқа мемлекетте бұрынғы тіркелген жері бойынша есептен шығарылуы керек, кедендік тазартудан өтуі қажет, – деді Нұрмахан Сансыбайұлы.

Айта кетейік, аталған ережелер 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін күшінде болады. Сонымен қатар жеңіл автокөліктерге, шағын, орта автобустарға (толық салмағы 5 тоннаға дейін) және шағын жүк автокөліктеріне, оның ішінде басқару органдары оң жақта орналасқан көліктерге қолданылады.

«ЖЖ» ақпарат

Бәрекедді!

Балалар тегін ыстық тамақпен қамтылды

Мектеп қабырғасында жүргенде үшінші сабақ бітіп, үлкен қоңырауға шыққанда сыныптағы балалардың кейбірі асханаға ағылатын. Әр сыныптан іріктелген бастауыш сынып балалары әр күн сайын ас-ауқатпен қамтамасыз етілетін. Дәмі тіл үйретін, күнде әртүрлі мезірмен дайындалатын асқа тойып алатын сыныптастарымызға біз қызығатынбыз. Ол кезде балалық болар, “Не себепті ол барлығымызға бірдей бермейді?” дейтінбіз. Кейін бұл мемлекеттің қамқорлығы екенін түсіндік.



Күні бүгінге дейін осы дәстүр жалғасып келді. Мектеп қабырғасында оқитын белгілі бір санатқа жататын отбасы балалары ыстық тамақпен қамтылды. Олардың ішінде аз қамтылған, көпбалалы, толық емес отбасылардың балалары болды. Мемлекеттің білім саласына жасап жатқан қолдауына, әсіресе осы балалардың ыстық тамақпен қамтылуы үшін жасаған қамқорлығына ризамыз. Алайда бұл санатқа кірмейтін отбасылардың балалары қамқорлыққа ие болған сыныптастарына қызықса, ата-аналары үшін күнделікті баласының тиын-тебенін тауып беру қиына соғатын. Тіпті бір үйден бірнеше бала мектепте оқиды. Бірақ ата-анасының табысын есептеп, мемлекет қолдауына ілігетіндей жағдайларыңыз төмен емес дейтін кездері де болды. Өйткені бұл отбасына келетін табыс адам басына шаққанда келетін азын-аулақ мөлшерден шамалы асып кетсе болды, баласын ыстық тамақпен қамтылатындардың тізімінен алып тастайтын.

Енді осы оқу тоқсанның жаңа аптасы жағымды жаңалықпен басталды. Яғни үшінші тоқсаннан бастап аймақтағы барлық бастауыш сынып оқушыларына тегін ыстық тамақ беріледі. Бұл жаңалық ата-аналарды да, балаларды да қуантты. Естеріңізге болса, Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламасында 1-4 сынып

оқушыларын 100 пайыз ыстық тамақпен қамтамасыз етуді жоспарлағанын айтқан болатын. Президенттің бұл бастамасы өз кезегінде балалардың денсаулығына, жақсы дамуына, оқу үлгеріміне және әл-ауқатын жақсартуына оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Ал облыстық білім басқармасының мәліметінше, аймақта белгіленген санаттағы 33061 бала былтыр ыстық тамақпен қамтамасыз етілсе, осы жылдың 9 қаңтарынан бастап 55 901 оқушыға тегін ыстық тамақ беріледі.

Жалпы жаңа оқу жылына дайындық барысын пысықтау кейбір ата-аналарға қиындық туғызатыны белгілі. Балалар бір сыныптан бір сыныпқа көшіп, есейгендеріне қуанса, ата-ана сол балаларының киім-кешегі мен оқу құралдарын түгелдеймін деп-ақ жүйкені бір тоздырып алады. Әсіресе көпбалалы үйде осындай мәселенің жыл сайын қайталанатынын тағы ескеріңіз. Ал балалардың күнделікті мектепке алып кететін тиын-тебенін қайда қоясыз? Иә, бұл да таңсық жағдай емес. Өйткені ата-аналардың айтатын шағымының бірі осы болатын. Қымбатшылық тіпті мектеп асханасында сатылатын балалар тағамдарына дейін келді. Бір балаға бір бәліш жеуі үшін күніне ең аз дегенде 250 теңге кетеді. Өзіміз де ата-ана болғандықтан бұл қымбатшылықпен осы қиындықпен күнде бетпе-бет келіп жүрдік.

– Менің бір емес, төрт балам мектепте оқиды. Екеуі бастауыш сыныпта, екеуі жоғары сыныпта. Қарапайым адамдармыз, тұрмыс-тіршілігіміз де көптен шамалас. Осы тоқсаннан бастап бастауыш сыныпта оқитын балаларға тегін ыстық тамақ беріледі дегенді естіп қуандық. Біріншіден, балаларымыздың денсаулығына алаңдамаймыз, қарны тоқ баланың иммунитеті де жоғары болады ғой. Екіншіден, күнделікті тиын-тебенін қайдан тауып береміз демейміз. Бұлай деуімнің себебі де жоқ емес. Өйткені бұған дейін табысымызды жеткілікті деп есептеп, төрт баламыздың да ыстық тамақпен қамтылуы мүмкін емесін айтқан еді. Бұл біз үшін қиындық туғызды, әрине. Бір айлықпен өмір сүреді қазір көбісі. Сол айлықпен өмір сүреді қазір көбісі. Сол балаларым аз дегенде күніне әрқайсысы 200-250 теңгеден алып кетеді мектепке. 200 теңгеден кем берсеңіз, ол ақшаға бала жүрек жалғайтын ештеңе сатып ала алмайды. Мектеп асханасының өзінде бұрынғыдай 60-70 теңгеге пирожки таба алмайсыз, – дейді ата-ана С.Қайратқызы.

Бастауыш сынып балалары жаппай тегін тамақпен қамтылады дегенге қуанған ата-аналардың қатарында А.Әділова да бар. Бұл кісінің де мектеп қабырғасында білім алатын бірнеше баласы бар. Жоғарыдағы ата-ананың айқанымен

толықтай келісемін деген ана ең бастысы балаларымызға күнделікті тиын-тебенін қалай береміз деп қиналмайтын болдық дейді. Әсіресе балаларының уақытылы ыстық тамақпен қамтылатыны денсаулығының қалыпты болуына тікелей әсер етеді деген қуанышын жасырмады.

Иә, рас қой, ойланшыл қарсаңы, бір үйден төрт бірдей баланы мектепте оқыту, оның мектеп киімі мен оқу құралдарының шығынын айтпағанның өзінде, күнделікті жарататын ақшаны есептеп көріңізші. Бір бала 200 теңгеден жаратқанын өзінде мың теңгеге жуықтайды. Ал оған аудан орталығынан шетте орналасқан отбасылардың күнделікті қоғамдық көлікке, таксиге жіберетінін шығынын қосыңыз. Енді мемлекеттің бұл жасаған қамқорлығы ата-аналардың жүгін біршама жеңілдетті дей аламыз. Бастысы ата-ана алаңдамайды, балалар қуанышты. Баласының қарны тоқ болса, ата-ананың көңілі де жай болары сөзсіз.

Айта кетейік, бүгінгі таңда аудан бойынша 1-4 бастауыш сыныптарда оқитын 4019 бала бюджет есебінен бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылды. Аудандық білім бөлімі тарапынан асхана жұмыстары, балалардың теңгерімді тамақтануы бақылауға алынған.

Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ

БАСПАСӨЗ – 2023

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу өлі де жалғасуда. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбейіз.

СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА
ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!

Баспасөз конференция

Сот жұмысы сараланды

Былыр аудандық сотта барлығы 656 іс қаралып, аяқталған. Оның ішінде 286-сы азаматтық, 77-сі қылмыстық іс болса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы 293 іс қаралған. Аяқталған 286 азаматтық іс шеңберінде 39 сот бұйрығы мен 119 шешім шығып, 98 іс тоқтатылған. 27 арыз қараусыз қалдырылса, үшеуі басқа да соттың қарауына жолданған. БАҚ өкілдерімен өткен баспасөз конференциясында аудандық соттың төрағасы Асылхан Мизанбаев осылай деді.



12 айдағы жергілікті соттың жұмысын саралаған төраға тоқтатылған азаматтық істерді де назардан тыс қалдырмады. Мәселен, ол тоқтатылған азаматтық істердің 96-сы медиация бойынша жүзеге асырылғанын айтады. Оның ішінде сотқа дейінгі хаттама негізінде 74 іс, татуласу келісімімен жасалған 1 іс аяқталған. Яғни бұрын осы талап бойынша 1 рет сот шешімі қабылданған.

Былыр азаматтық істер бойынша ең көп қаралған даулардың қатарында шарт бойынша міндеттемеден туындаған даулар, яғни банк заем шарты, қарыз ақша өндіру көп болыпты. Бұл бағытта 137 іс қаралған.

Асылхан Мизанбаев өткен жылы ажырасу жағдайының да аз болмағанын айтады. Мәселен, былыр ауданда 50 неке бұзылған. Барлық істі қараған төрағаға қойған «Ажырасуға не себеп?» деген сауалымыз да жауапсыз қалмады.

— Оны себеп дегеннен сылтау деген дұрыс шығар. Рас, кейбір жағдайлар болады, жолдасы ішкілікке салынып, жұбайына тыныштық бермейтін. Мұндайда неәзіқандыларды түсінуге болады. Біреудің қызын жар етіп алғаннан кейін ер азаматтар бойдағы жауапкершілікті еселеу керек. Ал кейбір жағдайлар болады, «Біз қашан аналардай боламыз?» деген сауалға еңбегімен жауап іздей алмайтын. Керісінше жолдасына арқа сүйел, бір жағынан демеу болудың орнына оны төмен санайтын азаматтарлар да көз-деседі. Осындайда қазақтың «Жақсы әйел жолдасын хан етіп, өзі ханның әйелі болады, жаман әйел күйеуін күл етіп, өзі күлдің әйелі болады» деген сөзі ерексіз еске түседі. Иә, ажырасуға шағым көптеп түсіп жатады. Екі жақтың сөзін тыңдап, шағымын қанағаттандыруға да болады. Бірақ бұлай жасай берсек, отбасы құндылығы қайда қалады? Сондықтан біз оларды аудандағы билер кеңесіне, ардагерлер мен әйелдер кеңесіне жібереміз. Кейбірі солардың ақылын тыңдап, райынан қайтып жатады. Ал кейбірі өкінішке орай алған бетінен қайтпай тұрып алады, — дейді Асылхан Мизанбаев.

Мейлі ол сот болсын, мейлі ол басқа органның өкілі болсын, жалпы бізге бұл саланың адамдары тым ресми көрінеді ғой. Алдына келген істі қарап, заң аясында тек шешімін шығарып

беретіндей көрінеді. Негізі бұрын солай болуын болған. Әйтпесе бізде де әлгіндей көзқарас қалыптаспа еді. Ал бүгінгі баспасөз конференциясында Асекеңнің әрбір сөзі ақылмен астасты. Мейлінше ешкім жәбір көрмесе дейді, мейлінше қылмыскер түзеліп, қоғамға бейімделсе дейді. Жалпы А.Мизанбаевтың төрағалығымен өткен бірнеше сот ісіне қатысқанбыз. Ол көзде де Асекеңнің мейлінше қос тарап бір мәмілеге келсе деген, қылмысқа барған адамның қайта қателікке жол бермеуін қалайтынын сот барысында сөйлеген сөзінен байқайтынбыз. Міне, заң саласының әрбір өкілінің бойында осындай қасиет болса, қоғамда қылмыс түбегейлі жойылмаса да азаятыны анық. Бірді айтып, екіге кетті демеңдер, бүгін де төрағаның сөз төркініне үңілгенде түйген ой ғой біздікі.

Аудандық соттың төрағасы былыр алимент төлеуден жалтарғандарға байланысты да біршама іс қаралғанын айтады. Бұған қатысты сауалымызға да А.Мизанбаев әлгіндей жауап қайырды. Яғни ол кейбір ер азаматтар алимент төлей алмағанына жұмыстың жоқтығын себеп қылатынын айтады. Ал төраға мұны да себеп дегеннен сылтау деген дұрыс деп есептейді. Әрі қарай тарқатқан сөзіне құлақ ассаң, айтып отырған сөзінің жаны бар.

— Кез келген келенсіз жағдай, қылмыс, барлығының орын алуына жауапкершіліктің жоқтығы себеп болып жатады. Өз баласының көмелет жасқа дейін қатардан қалмауына жағдай жасауға құлықсыз өкелерді де көріп жүрміз. Кейбірі жұмыстың жоқтығын сылтау қылып жатады. Жұмыс жоқ болса, ешқандай табыс болмаса, ол осы күнге дейін қалай күнелтіп келді? Тіпті жұмысы болып тұрып, табысы тағы болса да алимент төлеуден жалтаратындар жоқ емес. Демек мұндайлар отбасын құруға дайындықпен келмеген. Ажырасуда да дәл осындай, екі жас өздерін ойлайды, ал өсе келе ортадағы баланың болашағы қалай болады? Оған бас қатырып жатқан ешқайсысы жоқ. Жаңа жоғарыда айтқандымдай, арыз-шағымды тез арада қанағаттандыруға болады. Бірақ бұл жерде отбасы құндылығы тұрғанда біз асығыс бұл қадамға бармаймыз. Мейлінше олардың қайта жарасып кеткенін қалаймыз. Былтырдың

өзінде көмелетке толмаған балаларды асырап бағу үшін алимент өндіру жайлы 39 талап-арыз қаралды, — дейді А.Мизанбаев.

Айта кетейік, былыр мұнан бөлек заңдық маңызы бар фактіні анықтау жайлы 20 арыз қаралған. Ал қылмыстық істер бойынша 77 іс аяқталып, 50 іске қатысты үкім шыққан. 13 іс медиация тәртібімен татуласу арқылы тоқтатылыпты. Соттылығы бойынша 12 адам жолданып, 53 адам сотталған.

Оларға тағайындалған жазаға келсек, 8 адам қоғамдық жұмысқа тартылса, 17 адамның бас бостандығы шектелген. 11 адам бас бостандығынан айырылып, 10 адамға айыппұл салынған. Ал 7 адамға шартты жаза тағайындалған.

Аудандық сот төрағасы аяқталған істердің санаттарына да жеке-жеке тоқталды. Мәселен, былыр жеңіл санаттағы 6 қылмыс, ауырлығы орташа 14 қылмыс және 32 ауыр қылмыс қаралған. Мұнан бөлек теріс қылық санатындағы 25 қылмыс қаралған.

Аяқталған қылмыстық істердің ішінде ең көп қаралған қылмысқа мал ұрлығы жатады. Қылмыстық бұл түрі бойынша былыр 5 іс қаралған. ҚК-нің 188-бабы, ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру бойынша 24 адамға қатысты 19 іс қаралған.

Бұл тұрғыда сот төрағасы қарапайым халыққа қорадағы малын қолды етпеу үшін қайтпек керек, осы сауалдың да түйінін тарқатты. Мәселен, ол кейбір мал ұрлығына тұрғындардың да немісқайлығы себеп болатынын жасырмады. Мәселен, ауданда қарасты ауылдық елді мекендердің бірінде мал ұрлығы орын алған. Мына қызықты қараңыз, әлгі жәбірленушінің қоржыны үй ауласынан 10 шақырым қашықта орналасқан екен. Мұны біліп жүрген ауыл тұрғындарының бірі оңай олжаға кенелуді көздеген Абырой болғанда мұны жүзеге асыруға құқық қорғау органдарының өкілдері жол бермеген. Қылмыс сотта қаралып, қылмыскер өз жазасын алған.

— Өзі оңай олжаға кенелуді көздегендерге мұндай жағдайлар мүлде жаман ой салатыны анық. Қазақта «Өз-өзіңе сақ бол, көршіңді ұры тұтпа» деген сөз бар. Расында қоржындағы үй ауласынан қашық болғаны дұрыс емес. Мұнан кейін қорадағы малды жайылымға

айдап жіберетін кездер де көп. Паданың жоқтығы да барымташылар үшін тиімді болады. Сондықтан мұндай жағдайларға абай болу керек. Тіпті үйіңіз жанына жайылымға шығарған малды да қолды өткен жағдайлар тіркелді. Сақтансақ, сақтайтынын халық естен шығармаса дейміз, — дейді А.Мизанбаев.

Былыр 187 бап бойынша, яғни 7 адамға қатысты 6 ұсақ-түйек жымқыру ісі қаралып, оның 293-і аяқталды. Оның 204-іне қатысты жаза тағайындалды. Сондай-ақ былыр 45 іс тоқтатылып, Соттылығы бойынша жолданған 1, тараптардың татуласуына байланысты медиация тәртібімен 45 іс тоқтатылды, — дейді аудандық сот төрағасы.

Сотта қаралған істер бойынша тағайындалған жазаларға келсек, былыр 100 айыппұл салынып, 23 ескерту берілген. 73 адам қамаққа алынса, 1 адам көлік құралын басқару құқығынан айырылған. Қазақстан республикасының шегінен өкімшілік жолмен 7 адам шығарылған. Сондай-ақ көлік құралын басқару құқығынан айыру қосымша жаза ретінде 19 адамға қолданылған.

Баспасөз конференциясында әкімшілік құқық бұзушылықтың ең көп қаралған санаты да сөз болды. Мәселен, былыр көлік құралын алкогольді масаң күйде басқаруға қатысты 25 іс қаралған. Ал жеке бастың құқықтарына қол сұғатын, оның ішінде ұрып-соғу, отбасы-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамды ұрып соғу бойынша 35 іс қаралыпты. Есепті мерзімде сотпен азаматтық істер бойынша 3, жеке ұйғарым, қылмыстық іс бойынша 2, өкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша 5 жеке қаулы қабылданған.

Жиынды қорытындылаған сот төрағасы алдағы уақытта да сот төрелігінің сапасын арттыруға, сот жұмысін нығайтуға барлық шаралар қолданылатынын атап, БАҚ өкілдерінің бірқатар сауалына жауап берді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

ЖАҢА ЖЫЛДАН БАСТАП МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ. ЖАЛПЫ МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН АЗАМАТТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫҢ ҚОСЫМША ДЕНГЕЙІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ. МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАРЖЫ РЕСУРСТАРЫ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ӨЗ ЖҰМЫСҚЕРЛЕРІ ҮШІН, СОНДАЙ-АҚ ДАРА КӘСІПКЕРЛЕР МЕН ЖЕКЕ ПРАКТИКАМЕН АЙНАЛЫСАТЫН АДАМДАРДЫҢ ӨЗДЕРІ ҮШІН ЕҢ ТӨМЕНГІ БІР ЖАЛАҚЫДАН КЕМ ЕМЕС ЖӘНЕ ЖЕТІ ЕСЕЛЕНГЕН МӨЛШЕРІНЕН АСПАЙТЫН ТАБЫСТЫҢ 3,5 ПАЙЫЗ МӨЛШЕРІНДЕ ТӨЛЕНЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК АУДАРЫМДАРЫ ЕСЕБІНЕН ҚАЛЫПТАСАДЫ.

Жүйеге жаңа жылдан бастап қандай өзгерістер енгізілді?



2023 жылдан бастап ең төменгі жалақының 70 мың теңгеге дейін артқанын ескере отырып, қаңтардан бастап әлеуметтік аударымдардың ең төменгі мөлшері айына 2 450 теңгені, ал ең жоғары мөлшері 17 150 теңгені құрайды.

Әлеуметтік аударымдардың уақтылы түсуі әлеуметтік тәуекелдердің 5 түрі, яғни еңбек ету қабілетінен айырылуы, асыраушысынан айырылуы, жұмысынан айырылуы, жұктілікке және босануға, сондай-ақ бала күтіміне байланысты кірісінен айырылуы кезінде азаматтарға әлеуметтік төлемдер алуы қамтамасыз етеді.

2023 жылдан бастап әлеуметтік төлемдердің 2 түрінің параметрлері өзгереді. Бірінші, жұмысынан айырылуы жағдайына әлеуметтік төлем, ол жүйеге қатысушыға жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап, еңбек етіліне байланысты 1 айдан 6 айға дейін тағайындалады.

Әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдар жүргізілген жүйеге қатысушының соңғы 2 жылдағы орташа айлық кірісіне, жүйеге қатысу етіліне және кірісті ауыстыру коэффициентіне байланысты болады.

Келесі жылдан бастап кірісті ауыстыру коэффициенті 45 пайызға дейін артады, бұл әлеуметтік төлем мөлшерінің орта есеппен 13 пайызға өсуіне өкеледі.

Айта кету керек, 2023 жылы 1 қаңтардағы жағдайға нақты төлем алушыларға 45 пайыз коэффициенті қолданыла отырып, біржолғы қайта есептеу автоматты түрде жүргізілді. Мәселен, облыс бойынша 931 алушыға төлем мөлшері ұлғайтылған.

Екінші, бала күтімі бойынша әлеуметтік төлем бүгінде бала 1 жасқа толғанға дейін тағайындалатын болса, 1 қаңтардан бастап төлем ұзақтығы 1,5 жасқа дейін ұзартылады. Әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 2 жылда әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық кірістің 40 пайызын құрайды.

2023 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша балалары 2022 жылы туған нақты алушыларға төлем автоматты түрде ұзартылатын болады. Қызылорда облысы бойынша 5 751 алушыға төлем мерзімі 1,5 жасқа дейін ұзартылды.

Сонымен қатар атап өтетін жағдай жұмыскер үшін әлеуметтік аударымдар түскен жағдайда базалық мемлекеттік жәрдемақыларға қосымша қордан ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемнің 2 түрі төленеді. Қордан еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайда әлеуметтік төлем жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезеңге тағайындалады және еңбек қызметін жалғастыруына қарамастан төленеді.

Қордан асыраушысынан айырылуы жағдайына әлеуметтік төлем асырауындағылар 18 жасқа толғанға дейін, ал күндізгі оқу нысаны бойынша оқыған жағдайда 23 жасқа дейін төленеді. Сатып алу қабілетін қамтамасыз ету мақсатында бұл төлемдердің мөлшері жыл сайын артастырылады.

2023 жылы қаңтардан бастап ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдердің мөлшері автоматты түрде 8,5 пайызға өседі. Облыс бойынша 2 921 алушыға еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайға және 2 590 асыраушысынан айырылған жанұяға төлемдер мөлшері ұлғайтылды.

Осылайша жұмыс істейтін азаматтар алатын төлемдердің жиынтық мөлшері жұмыс істемейтін азаматтарға қарағанда көбірек болады. Сонымен қатар төлемдерді қайта есептеу, арттыру және ұзарту автоматтандырылған режимде жүргізілетінін, яғни алушыларға қосымша құжаттар жинаудың қажеті жоқ екенін ескерген дұрыс. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы толығырақ ақпаратты Қордың gfs.kz интернет-ресурсы арқылы, сондай-ақ Қор мен филиалдардың әлеуметтік желідегі аккаунттарынан алуға болады.

«ЖЖ» ақпарат

Дауларды шешудің тиімді тәсілі

Медиация – үшінші бейтарап көзқарасты ұстанатын тарап, яғни медиатордың, бір сөзбен айтқанда бітімгердің қатысуымен дау-жанжалды соттан тыс шешу жолы. Ол дау-шарды баламалы түрде шешудің неғұрлым жұмсақ түрі болып табылады. Медиация процедурасы кезінде қайшылыққа түсушілер бітімгердің тәжірибесіне, білімі мен іскерлігіне сүйене отырып, өзара пайдалы шешімге келеді. Дау түйінінің тарқатылуы дауласушылардың өз ерік-жігеріне тікелей байланысты болады. Қазақы тілмен айтқанда, «Медиация» деген сөздің мағынасын «екі жақты татуластыру рәсімі» деп түсінген дұрыс.



Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңына 2011 жылдың 28 қаңтарында қол қойып, тамыз айынан бастап күшіне енді. Аталған заң Қазақстан республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізудің қағидалары мен рәсімін және медиатордың мәртебесін анықтайды. Дауларды жеке қарсылық аясынан шығарып, мүдделі пікірталас шеңберіне көшіретін жаңа заңның арқасында соттарда қаралатын істердің саны да айтарлықтай азая түседі деп күтілуде. Өйткені медиацияның мақсаты – аты айтып тұрғандай, екі жақтың талабын қанағаттандыру арқылы дауларын тиімді жолмен шешіп татуласуына, соттан тыс мәмілеге келуіне қол жеткізу.

«Медиация туралы» заң жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен өтетін азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан

туындайтын және ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыс жасаған айыпкерлерге қатысты қылмыстық сот ісін жүргізу барысында туындайтын дау-дамайларға қолданылады.

Медиацияны жүргізу кезіндегі дауды реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жүргізіліп, оған екі жақ та қол қояды. Онда тараптар, даудың нысанына, медиатор туралы деректер, сондай-ақ екі жақтың уағдаласқан келісімінің шарттары, оларды орындау тәсілдері мен мерзімдері, жүзеге асыруға келмейтін салдарлар қамтылуы тиіс. Дауды реттеуді тараптар ерікті түрде келісімде көзделген тәртіппен жүзеге асырады. Азаматтық іс сотта қаралғанға дейінгі жасалған дауды реттеу екі жақтың құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге және тоқтатуға бағытталған мәселені білдіреді.

Медиацияның тараптарға тигізер төрт тиімділігі мен пайдасы және медиацияның артықшылығы бар. Біріншіден, медиация жолымен татуласудың нәтижесінде ажырасу азайды. Екіншіден, сотқа мемлекеттік баж салығын төлеген тарапқа ақшасы қайтарылды. Үшіншіден, жалаң бойы қайтарылмаған қарыздар медиация тәртібімен өндірілді. Төртіншіден, дауласқан тараптар, атап айтқанда, ағайын-туыс, өріптестер, достар, көршілер және ерлі-зайыптылар арасындағы жақсы қарым-қатынас сақталды. Сонымен қатар уақыт пен қаражат үнемделеді.

Медиация – тараптардың осы таластарына мүдделі емес үшінші тарап медиатордың қатысуымен дауларды баламалы реттеу технологиясы нысандарының бірі болып табылады. Медиация процесі кезінде жанжалға қатысушы тараптар медиатордың білімі мен тәжірибесіне байланысты өз еріктерімен өзара тиімді шешімге келеді.

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі екенін және Заңның қоғамдық қатынастарды реттеуге шақыратынын, жалпы ережелерді белгілейтін нормалардан тұрады. Мәселен, 2022 жылдың 12 айында аудандық сотта медиатордың көмегімен 13 қылмыстық, 96 азаматтық, 45 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс тоқтатылып, екі жақ та бір келісімге келіп татуласқан.

Тараптар уақытты, сотта істі қарау үшін кететін қаражатты үнемдейді, дау өзара тиімді жолдарды табу арқылы шешіледі, тараптардың араларына да сызат түспейді.

Аян АЛТЫНБАЕВ, аудандық соттың кеңсе меңгерушісі, облыстық судьялар одағының мүшесі

Жаратқан жар болған тұлға

Бүгінгі тәуелсіз еліміздің негізін қалауда ғасырлар бойы ата-бабаларымыз аңсаған егеменді ел болғалы түрлі қоғамдық қатынастар дәуірінде алып империяның тоталитарлық жүйесінің астамшылығы мен озбырлығына шыдамдылықпен төзе біліп, «Сабырдың түбі сары алтын» деген қағиданы берік ұстаған қазақ халқы тәуелсіздікке бейбіт жолмен жетті. Тәуелсіздігіміз қазақстандықтардың құнды қазынасына айналды. Қазақстанды дүние жүзі таныды. Ұлтымыздың рухани байлығы жаңғырып, өсу-өркендеу кезеңдеріндегі тарихтың қойнауына кетіп, уақыт өткен сайын көміскіленіп бара жатқан ұлттық құндылықтарымызды, сол құндылықтарды жасаушы ел басқарған тұлғаларды, бүгінгі бейбіт, бақытты заманның көлеңкесінде қалдырмай, есімдерін еске алып, олардың халқына жасаған еңбегі мен өмір жолдарын қазіргі келешек ұрпаққа хабардар етіп отыру бүгінгі аға буынның гибратты ісі деп білемін.



Қазақ елінде небір асыл да ардақты ел басқарған азаматтар аз болмаған. Сол ардақты да асылдарымыздың бірі және бірегейі — аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, «XX ғасыр адамы», Қазақстанда 26 жыл бойы бірінші басшы болған ғалым-академик Кеңес одағының үш дүркін «Еңбек Ері» атағын алған ұлы тұлға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Ол 1912 жыл 12 қаңтарда қазіргі Алматы қаласында дүниеге келген. Атап азамат 45 жыл Қазақстанның ең жоғары билік лауазымында болды. Одақта, республикада түрлі қарама-қайшылығы жетерлік. Күрделі мемлекет қоғам қайраткерлерімен тіл табысып, қажыр-жігерімен, білімімен елдің түрлі қиын-қыстау кезеңдерінде еңбек етті.

Ол Мәскеу түсті металлургия институтын бітірген. 1936 жылы институтты бітірген Балқаш мыс қорыту комбинатының «Қоңырат» руднигіне бұрылау станогінің машинисі ретінде жұмысқа орналасып, рудниктің директоры қызметіне дейінгі лауазымдар сатысына өтеді. 1939 жылы басталған екінші дүниежүзілік соғыстың қиын күндерінде тылдағы жұмысты ұйымдастыруда ерекше еңбегімен көзге түсіп, «Алтай полиметалл» комбинаты бас инженерінің орынбасары, сонан соң Риддер руднигінің және «Ленинагор» кен басқармасының директоры қызметін атқарады.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақ үкіметінің басшысы Нұртас Оңдасынов «Ленинагор Полиметалл» комбинатына барған сапарында, комбинат директоры Д.Қонаевты көріп, сол кездегі Қазақстан ОК бірінші хатшысы Н.Скварцовқа «Мен өзіме өте тамаша, іскер, білімді орынбасар таптым» деген екен. Міне, сол кезеңнен, яғни 1942 жылдан бастап Д.Қонаев республика көлеміндегі игі істердің бел ортасында жүрген. Елуінші жылдары Дінмұхамед Ахметұлы Қазақстан Республикасы ғылым Академиясының президенті болған жылдары Қызылорда облысының Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаттығына кандидат болып ұсынылады. Жалағаш ауданының Мәдениет үйі болған қазіргі «Иманкүл» мешітінде сайлаушылармен кездесіп, сөйлеген сөзін еке-ағаларымыз айтып отыратын. Ол кісінің ғалым ретінде өңірдің суармалы күріш шаруашылығын дамытуға және Қаратау қойнауын, Арысқұм мен Қызылқұмды игеру үшін ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағыт-бағдар бергенін атап кету керек.

1972 жылы ҚКП ОК бірінші хатшысы Д.Қонаев Қызылорда облысына келген сапарында біздің ауданның Калинин атындағы кеңшарда, қазіргі Бұқарбай батыр ауылында болған. №3 бригаданың күріш алқабын көріп, Димекең өзінің алғаш облысқа келгендегі айтқан сөзінің орындалып жатқанына ризашылығын білдірген. Табиғат байлығын тарту өткен Қазақстанның халық шаруашылығы елуінші жылдардың екінші жартысынан бастап қарқынды дами бастаған еді. Өкінішке орай осы жылдары одақтағы бар билікті қолына алған Н.С.Хрущев партиялық принциптер мен демократиялық қағидаттарды белден басып, Қазақстан Республикасын бөлшектеуге, кейбір жерлерімізді шекаралас республикаларға алып беруге белсене кірісті.

1962 жылдың күзінде Н.Хрущев көршілес екі Республиканың басшылары Д.Қонаев және Ш.Рашидов бастаған бір топ делегатпен Мақтарал ауданына келеді. Аудан, облыс басшылары қатысқан жиында Н.С.Хрущев үш ауданды Өзбек Республикасына беру жөнінде ұсыныс жасайды. Оған Д.Қонаев бастаған ел басшылары, үзілді-кесілді қарсы шығады. Ашуға булыққан Н.С.Хрущев ешкімге қарамастан қайтып кетеді. Кейін Мәскеуге Қазақ республикасының басшылары Д.Қонаев пен Ж.Тәшеновты шақырып алып, Орталық партия комитетінің бюро мүшелерінің алдында Қазақстанның солтүстігіндегі бес облысты Ресейге, ал Маңғыстау, Гурьев облыстарын Түркімендерге, Шымкент облысының Мақтарал, Киров, Жетісай аудандарын Өзбек республикасына беру жөнінде ұсыныс жасайды. Д.Қонаев та, Ж.Тәшенов те бұл ұсынысқа келіспейді. Әсіресе Жұмабек Тәшенов өжеттік пен қайсарлық танытып: — «Ата-бабаларымыз біздерге кіндік қаны тамған атажұртты, туған жерімізді көлденең келгендерге тартып беріндер деген құқықты бермеген. Сондықтан бір қадам жерімізді де бере алмаймыз», — деп кесіп жауап қатады.

Н.Хрущев осы жауапты естігенде қан-қысымы көтеріліп, қызара бертіп ыза-ашуға басып, аузына келгенін айтады, «Көремің сендерді!» дегендей сөз білдіріп, бюро мәжілісін жабады. Көп ұзамай-ақ сол жылдың желтоқсан айында Мәскеудің тікелей бұйрығымен Қазақ Республикасының Жоғарғы Кеңесі депутаттарының бердік деген, өзбек республикасының алдық деген келісімімен және 1963 жылдың 30 қаңтарында Кеңес одағы Жоғарғы Кеңес депутаттарының келісімін алып, Мақтарал, Киров, Жетісай аудандары Өзбек республикасына беріліп кетеді. Жоғарыдағы облыстар әулірмімен қазақ республикасында қалады. Сол «шайқастан» соң Д.Қонаев Қазақстан Республикасы Орталық партия комитетінің бірінші хатшылығынан босатылады да, Республика министрлер кеңесінің төрағасы қызметіне төмендетілді. Ж.Тәшенов республиканың Жоғарғы Кеңес төрағалығынан Оңтүстік Қазақстан Облыстық Кеңесі Атқару Комитеті төрағасының орынбасары қызметіне құлдырайды.

Н.Хрущевтың өз билігіндегі өмірі ұзаққа бармады, ол 1964 жылдың қазан айында орнынан алынды да, КСРО Орталық Комитетінің Бас хатшылығына Л.И.Брежнев келді. Д.Қонаев қайта өз орнына отырды. 1971 жылдың мамыр айында Өзбек республикасына берілген үш аудан, яғни Мақтарал, Жетісай, Киров аудандары, кейінгі шекарамен Қазақстанға қайтарылды. Қазақстанның экономикасы дамыды, халықтың әл-ауқаты жақсара бастады. Республикамызда орналасу және экономикалық жағдайларына байланысты 3 облыс құрылды.

1986 жылдың желтоқсан айы біздің ұлтымыз үшін ең қасіретті күн болғанын, кезектен тыс партия пленумында Д.Қонаев орнынан алынғанын, оның орнына Қазақстанды, қазақ халқын мүлдем білмейтін, Ульянов облысы партия комитетінің бірінші хатшысы Г.Колбин деген бейтаныс адамды әкеліп қойғанын білеміз. Бүкіл саналы ғұмырын қазақ еліне қызмет жасауға арнаған республиканы ширек ғасырдан аса басқарған одаққа, қалаберді дүниежүзіне танымал үш дүркін Кеңес одағының «Еңбек Еріне» Мәскеу бір ауыз да жылы сөз айтпай орнынан босатты.

Д.Қонаев естеліктерінің бірінде «Солтүстік Кавказдағы демалу орнына болғанымда сол жылдарда Ставрополь өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінде жүрген С.Горбачев маған арнайы келіп, хал жағдайымды біліп, жалпақтап, ізеттілік көрсеткен, ал Орталық комитеттің бас хатшысы болғаннан кейін күрті өзгерді, тырнақ астынан кейін іздеуді үдете түсті» дегені бар. Белгілі ғалым Марта Оклот М.Гарбачевтың екі жылға жуық Д.Қонаевпен алысып, оны жеңе алмағандығына қайран қалып естелік жазған Димекеңнің 20 жылға жуық оққағары болған, сол үшін жазаланған Анатолий Горяновтың: — «Қасиетті адам Горбачевты киесімен ұрды» — дегені бар.

«Бірде үйінде телефонында Горбачевпен ұзақ сөйлесті, соңында: — Менен ала алмай жүрген қандай кеңің бар Михаил Сергеевич, — деп, қатты көтті» дейді ол. Қажет жерінде Димекеңнің қатты кететін кездері болған. Бәрінен бұрын оның М.Горбачевты ақыл-парасатымен жеңгені батыс елдеріне және АҚШ-қа дүрлікпе ақпарат болып тараған. 1986 жылдың «Желтоқсан» оқиғасы көпұлтты Кеңес одағының ұлттар лоббаториясы атанған Қазақстанға бағылған жала, жағылған қара күйе болды. Қаншама бейкүнә жас, ел ағалары мен зиялы ұлт өкілдері зардап шекті. Орталық қаралаушы орындардың мықты күштерін республикаға қарай тоғытты. А.Асқаров пен Л.Бекежановқа қасақана жала жауып, түрмеге жапты. Д.Қонаев ұй қамаққа алынып, халықпен жүздесу құқығынан айырылды.

Мәскеуден арнайы тапсырмасымен келген бас прокуратураның Колинченко деген тергеушісі Д.Қонаевты бірнеше ай бойы тергеуге алды. Ол тергеу барысында бар озбырлығын жасап барықты. Оған дәлел мына жөңсіз, жазықсыз тағылған айыптар болатын. Солардың бірнешеуіне тоқталайық...

Біріншісі, ерекше тергеуші Колинченко Д.Қонаевқа шүйлігіп: — Д.Қонаев! Сіз академик екенсіз, академикке тиісті гонорарды 17 жылдан бері алып, өз көдеңізге жаратып келіпсіз. Бұл үлкен заңсыздық, — дейді.

Д.Қонаев: — Дұрыс, академик екенім рас, айлықты 17 жыл бойы алып келгенім де рас, — дейді де, оны көлігімен қаладағы жетімдер үйіне алып келеді.

Есеп бөліміне кіріп, 17 жыл бойы әр ай сайын академик ретінде беріліп отырған қаражаттың балалар үйіне қабылданғаны туралы түбіртегін көрсеттіреді. Екіншісі, Колинченко: — Сіз жиырмадан астам елде болыпсыз. Сол әрбір болған елдердің

басшыларынан қымбат бағалы заттарды сыйлыққа алысыз, сөйтіп біздің Кеңес одағының заңына қайшы іс-әрекеттер жасапсыз. Сол заттай айғақтарды тәркілеймін де, сізді қамауға алуға қаулы шығарамыз, — дейді.

Д.Қонаев жайбарақат, қарапайым мінезімен тергеушіге тік қарайды да, «ендеше жүріңіз менімен» деп оның көлігіне отырып, музейге алып барады. Сөйтсе, барлық шет елдердің басшылары сыйлаған қымбат мүліктер сөрелерде тізіліп тұр екен. Үшіншісі, Колинченко Д.Қонаевтың үйіне кілгіге кіріп келіп, енді сөнге көшіп, бұйыра сөйлейді: — Қонаев! Енді менен құтыла алмайсың, жетпіс жасқа толғаныңда сыйлыққа қызметкерлеріңнен шетелдік теледидар алысың. Сол бізге айғақ болды, — деп тікелей жабысады.

Д.Қонаев тергеушінің бұл кейісіне де бұрынғы қалпын сақтап: — Еее, тергеуші жолдас, дұрыс айтасың, менің жетпіс жасқа толған тойымда әріптестерімнің естелікке деп сыйлаған шетелдік теледидары бар. Жүр сізге көрсетейін, — дейді.

«Енді тұзаққа түстің бе?» дегендей тергеушінің көзі жайнап кетеді. Екеуі көлікке мініді. Орталық комитеттегі бұрынғы кабинетіне кіріп келеді де кіреберістегі киім ілетін шафты аштыртады. Қараса, шам жағып іздеген шетелдік теледидар қорабымен ашылмаған күйде тұр екен. Колинченконың бет жүзі бір қызарып, бір сұп-сұр болып, Қонаевқа бақырайып қараған күйде тілсіз қалады. Не айтарын білместен қолын бір сілтейді де, автокөлікке міне сала жөнелді.

Мәскеудегі бас прокуратураға барып, құжаттың үстелдің үстіне қойып жатып: — Д.Қонаевты үш ай бойы тергедім. Түкт те таба алмадым. Мені қызметтен босатыңыз, — дейді.

Мәскеудің империялық шовенистік көзқарасы авторитарлық биліктің шеттен тыс орталыққа шоғырлануы, оның қатаң тәртібі, тежеу мен шектеу, бақылау мен қыспағы Д.А.Қонаев одақ деңгейіндегі қоғамдық мемлекеттік лауазымда болғанымен оны қыспаққа алып отырған. Атам қазақ айтқандай, атқа міндің, кеуденді оққа байладың. Бүгінгі өңгіменің арқауы Дінмұхамед Ахметұлының сол бір кеңестік тоталитарлық заманда елі, жері, ұлты үшін басын бәйгеге тігіп, жанкештілікпен алып империяның басшылығына қарсы тұрып, қыспақпен қудалаудың озбырлығын көріп, «Аққа құдай жақ» деген тұбаумен жанының, арының қолының тазалығымен азаматтың бөделі мен атағын, абыройын ұлы адамдарға жеткізуді жөн көрдім.

Димекең бүгінгі тәуелсіз егеменді еліміздегі қоғамдық өзгерістерді көру бақытына ие болды. Мемлекетіміздің Әнураны, Елтанбасы, Туы қабылданған күні Абай атындағы опера балет театрында өткен жиынға қатысқан Димаш Ахметұлының қатты толқыған кезі де болды. Көзіне жас алған. Бұл — ұлы адам туралы өңгіменің бір парасы.

Рысбай КӘРІМОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Қызылордалық кәсіпкерлер 2019 жылы Кәсіпкерлер палатасынан 1021 экспорттық сертификат алса, оның көлемі 2020 жылы 1377, 2021 жылы 1823 құжатқа жеткен. Былтырғы деректерге сүйенсек, өсім бар, яғни көрсеткіш 1829-ға жетіпті. Бұдан соңғы жылдары сұраныстың артқанын аңғару қиын емес.

Үш жылда экспорт 80 пайызға артқан

Облыстық кәсіпкерлер палатасының басшысы Пірмұхаммед Сыздықов көрсеткіштің өсуін соңғы жылда нарықта экспортқа өнім шығаратын жаңа кәсіпкерлердің пайда болуымен байланыстырады. — Біздің өңірден жиі экспортталатын өнімдер — балық пен күріш. Бұдан өзге мұнай өнімдері, цемент, кварц құмы, сондай-ақ өткен жылдың соңынан бері шыны өнімдері экспортталып жатыр. Шыны зауытынан шығып жатқан өнімдердің алғашқы лөгі Өзбекстан, Тәжікстан, Ресейге жіберілді, — дейді Пірмұхаммед Сыздықов.

Бүгінде Арал мен Қазалының балық өнімдері тауарға жоғары талап қоятын Франция мен Қытай елдеріне де экспортталып жатыр. Осы ретте палата басшысы балық өнімдерімен Қытай нарығына шығып жатқан кәсіпкерлеріміздің еңбегі ерекше бағалады. Себебі онда талап өте жоғары екенін айтады.

Былтыр облыста өндірілген өнімдер Украина, Тәжікстан, Грузия, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Беларусь, Әзербайжан, Түркия, Мальта, Франция, Данияға экспортталған. Бұдан бөлек кәсіпкерлер өткен жылы Палатадан ішкі айналымға арналған 117 «СТ-КЗ» сертификатын алған. Аталған құжат мемлекеттік және өзге де сатып алуларда қолданылады.

Кәсіпкерлер палатасының мамандары 2019 жылдан бастап 14 индустриалды сертификат рәсімдеп, оған қырыққа жуық өзгерістер енгізіп, жаңартқан.

Е.СОЗАҚБАЕВ

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ҚАРАКЕТКЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ШЕШІМ **Жоба**

Көшені қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына және облыстық онмастика комиссиясының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы қорытындысына сәйкес Қаракеткен ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ**:

- Қаракеткен ауылдық округінің Қаракеткен ауылындағы Карл Маркс көшесі Әуелбек Қоңыратбаев есімімен Дружба көшесі Қарақұм атауымен, ЛСП көшесі Қараөзек атауымен қайта аталсын.
- Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
- Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаракеткен ауылдық округінің әкімі **А.Тоқтаров**

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ АКАИМА СЕЛЬСКОГО ОКРУГА «КАРАКЕТКЕН» АКИМАТА ЖАЛАҒАШСКОГО РАЙОНА

РЕШЕНИЕ **Проект**

О переименовании улицы

В соответствии с подпунктом 4) статьи 14 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан» и заключением областной онмастической комиссии от 23 декабря 2022 года аким сельского округа Каракеткен **РЕШИЛ**:

- Переименовать улицу Карла Маркса именем Ауелбека Коньратбаева, улицу Дружба наименованием Карақұм, улицу ЛСП наименованием Караөзек в селе Каракеткен сельского округа Каракеткен.
- Контроль за выполнением настоящего решения оставляю за собой.
- Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

Аким сельского округа Каракеткен **А.Тоқтаров**

Қырық күн өтті өзіңіз

Тағдырдың басқа салған сынағына өзінсіз қылмасқа шара жоқ. Арыстан ұлымыз, бүгін бір отбасының тірегі, балаларының арқасүйер асқар тауы Төлеген Қасымқожаұлы да мына жалған дүниемен қош айтысты. Баламыздың ортамызда күліп-ойнап жүргені кеше ғана сияқты еді. Сол арнайы азаматтан айырылған уақыттан бері де 40 күн сырғыпты.

Төлеген Қасымқожаұлы 1971 жылы 12 желтоқсанда Жалағаш ауданында дүниеге келген. Аудан орталығындағы №123 орта мектепте білім алып, кейін ҚАЗҒУ-дың «Заң» факультетін және еліміздегі басқа да маңдайалды жоғары оқу орындарын тәмамдайды.

Ол еңбек жолын жол полициясы болып бастады. Кейін қаржы полициясында да ұзақ жылдар қажырлы еңбек етті. Былтыр дәл осы органдан «Майор» шенімен құрметті зейнеткерлікке шықты. Аяулы жары екеуі 2 қыз тәрбиелеп өсірді, балаларының қызығын көрер шағында ардақты ұлымыздан айырылып қалды. Асыл ұлымыз 2022 жылдың 8 желтоқсанында дүниеден өтті. Тағдырдың басқа салған сынағына көнеміз де, тек енді жерде Төлеген хақында өткен шақпен естеліктер айту жанымызға батады. Жатқан жерің жайлы, топырағын торқа, иманың жолдас болсын, құлыным.

Әулет үшін ауыр болды осы күң. Ауыр қайғы, көп күрсіндім, жасыдым. Жұмақ болып мәңгі мекен өзіне. Жатқан жерің жайлы болсын, асылым.

2023 жылы 20 қаңтарда сағат 12.00-де «Иманкүл» мешітінің асханасында Төлеген Қасымқожаұлының қырқы мен жүзі берілетінін барша ағайын-туыс, құда-жежат, дос-жаранға хабарлаймыз.

Еске алушылар жекісі Қасымқожа, қарындасы Эльвира, Сания, бауыры Еркін



2023 жылғы I тоқсанда Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратында ауылдық округ әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Тоқтаров Адін Тоқтарұлы	Ауылдық округ әкімі	Сейсенбі, жұма күндері сағ: 15:00-17:00 аралығы	Апта сайын

Қариялар азайып бара жатыр...

Бұрын жолаушылап келе жатқан адам (арнайы шақырылған мәртебелі қонақты күтудің жөні бөлек) ат басын іріккен ауылынан «Ау, мына елдің иесі қайда?», – деп сұрайды екен. Ол кезде елдің иесі әкімдер емес, сол ауылдың дуалы ауыз, әулие пейіл ақсақалдары. Қазақ үшін төр – мәртебелі орын. Сол төрден орын тиген кісі сол елдің ұяты мен арын да төрден төменге түсірмеуге тырысыпты. Бір ауыз сөзімен жұртына береке үйіріп, ел бірлігін айрандай ұйытыпты. Тентек, телісін іштен тиып, олардың қыңыр-қисық мінезін тезге салып түзетіп, ту сыртынан соққан жел сөздерден ел құлағын жасқап отырыпты. Ақ бұғи ақсақал деп қадір тұтатын қарияларымыздың сол қасиеті көз алдымызда жоғалып бара жатқан сыңайлы. Бірақ, көп жағдайда үлкеннің көңіліне тиіп қалар деген қашанғы көңілшектігімізбен «азған» заманды кінәлап, бәрін жастарға жаба саламыз. Сол жастарды «төйт» деп тиып, жөн сілтеп отыратын ақсақалдардың қатары сиресе, заман азбай қайтеді?



Осындайда Мұқағали Мақатаевтың: «Немәнге жетістің бала батыр, Қариялар азайып бара жатыр. Бірі мініп келместің кемесіне, Бірі күтіп әнекей, жағада тұр», – деген өлеңі еске түседі. Қазақтың аяулы ақыны бұл өлеңін өткен ғасырдың орта шенінде жазыпты. Демек, сол кезде-ақ қазақ қоғамындағы қариялардың орны айсырай бастаған. Кім білген, сол сөзге ақынның көз алдына қариясыз қазақ қоғамы елестеп, өлінің келешегіне алаңдаған шығар. Өлеңдегі қорқыныш пен толқыныс сондай қауіптен тууы әбден мүмкін ғой. Одан бөлек: «Әже, сен бірге жүрсің менімен, Өліге мен өзіңді төлімем, Ақ кимешек көрінсе сені көрем, Ақ кимешек жоғалса нені көрем?», – деп күңірлеген де Мұқағали еді ғой... «Ақынның құлағы өзінен елу жыл бұрын туады». Әулие ақын Мұқағали біліп жазыпты. Расымен, қариялардың көбі өткен ғасырда «келместің кемесі» мініп кетті. Оған дәлел – осы ғасырда жазылған ақын Жүрсін Ерманның «Іздеу салу» деген мына өлеңі: Жеткізміз деп жүріп жолдарды Айға, Жирешкен, алмаймыз Алдарды ойға. Шырт түкіріп шақшасын қағып қойып, Қабағымен ықтырар шалдар қайда? Бұрынғының ақсақалы тұрмақ,

шалдарының өзі қиыс кетіп бара жатқанды қабағымен ықтырып тузу жолға түсірген болса, Жүрсін ақын жоғалған құндылығына іздеу салмағанда қайтеді?! Бұл мақаламызды жазуға қариялар емес, ел ішінің қазіргі ахуалы себеп болды. Қазірде ауылдардың ішінде өзара дау-дамай көп. Жер дауынан бөлек, ауыл ішінен-ақ шешімін табатын мәселелер әлеуметтік желіге жарияланып, аудаң облыс, тіпті өлімізді бар аймағына тарап кетеді. Әрине, ел ішінде мәселе жоқ емес және халықтың барлығы біржәлі түрмесі кешіп отырмағаны да анық. Егер «Сананы түрмесі билейді» деген пәлсапаның ығына жығылсақ, тұрғындардың жанайқайы тыңдалуы тиіс. Алайда, әлеуметтік желіге жарияланып жүрген арыз-шағымдардың көбі негізсіз, яғни есек-аянның айналдысында өрбиді. Болмашыны сылтау етіп, байбалам салатындарға сырттай жел беріп, отқа май құюшылар да жетіп артылады. Бірақ, солар көбіне өздері тасада тығылып қалып, біреудің қолымен от көсегісі келеді. Ақ бұғида әрекетті заңға қайшылығын айтпағанда, адамгершілікке де жат екенін білуге тиіс едік ғой...

Мәселен, Фейзбук әлеуметтік желісінде елді шұлатып жүрген бір парақша бар және ол бүркеншек атпен ашылған. Жүргізіп отырған кім? Ол өлі анықталмай отыр. Жә, мәселе онда емес, мәселе, сол парақшадағы жарияланған жазбаларда болып отыр. Қазір біз ақпараттық ғасырда өмір сүріп отырмыз және «қазіргі адамдардың бәрі сауатты» дегенді көп айтамыз. Сөйте тұра, жалған ақпаратқа, негізсіз мәліметтерге көп иланамыз. Оны өлгі жазбаның астына жазылған түрлі пікірлерден-ақ аңғаруға болады. Саяси сауатымызды толықтырмасақ та, құқықтық тұрғыдан сауаттанатын уақытымыз болған жоқ па?! Қазір қандай да бір істі дәлелдеу үшін бұлтарпайтын айғақ болуы тиіс және өлгінің мәселелерді көтерерде нақты дәлел-дәйек келтіру керек. Олай болмаған жағдайда ол көтерілген мәселе есек-аян деңгейінде ғана қалып қояды. «Жел тұрмаса, шөптің басы қылдырмайды» деген қазақты түйсікке салып, қызылқөңірдек болып дауласу – уақытты босқа өлтіру. Хш, енді ауыл ішіндегі толастамайтын осы дау-дамайлардың қарияларға қатысты тұсына тоқталайық. Қазір барлық ауылда, ауданда, облыста, тіпті қоғамның барлық саласында саяси айтыс-тартыс көбейді, одан бөлек, жекелеген мүдделер арасында да өзара

дау-дамай көп және оның басы бар да, соңы жоқ. Осындай мәңсіз, аяқсыз даудың ақыры ағайынның арасына жік түсіріп, бір туған байырларды екіге бөліп тынып жатыр. Бір ауылдағы бір рудың адамдарын бір-бірімен қырықпұшақ қырқыстырып қоятын даудың нүктесін өкім де, сот та емес, қариялар қоюы тиіс еді. Бірақ, қазіргі ақсақалдыққа бет бұрған ағаларымыз ондай дау-шарға араласуға аса құлықты емес сияқты. Ерегескен екеуді татуластыратын, дауласқандарды батуға шақырып, бітістіретін қариялар мен ел ағаларына зәуіміз қазір. Әрине, бұл ел іші егесі қалды деген сөзіміз емес. Ауылдарда ақсақалдар кеңесі бар. Олардың құрамында көнеңің көзінде, бағая бабалардың әңгірдей абыздар да бар. Елге сөзімен де, ісімен де үлгі. Одан бөлек, халықшыл қоғамшыл азаматтар да жоқ емес. Бірақ, бүгінгідей ақпараттық ғасырда, яғни бір адамның көзі мен құлағы екеу емес, төртеу болған заманда бірді-екілі төр иелері ел ішінің бірлігін ұстауға қауқарсыз. Біз сондай кісілердің қатары көбейгенін қалаймыз. Ендеше, «ақсақалдар институтын» сөзбен емес, іс жүзінде қалыптастырып, жетілдіретін кез келген сияқты.

Қуат АДИС

Аламесек пен Еңбектің арасын жалғайтын 15 шақырымға жуық жолдың бойында бір көпір бар. Жергілікті халық оны «Қайрақ көпірі» деп атайды. Сол көпірдің сапасының сыр беруі соңғы 5-6 жылда елдің ең өзекті мәселесіне айналған. Әсіресе аламесектік ағайын ауылға аудан әкімі барған сайын бірінші осы көпірдің апатты жағдайда екенін айтатын. Биыл бұл мәселе де толық шешімін тауып, елдің талап-тілегі ескерілді.



«Қайрақ көпірінің» тарихы қалай?

«Самара-Шымкент-Еңбек-Есет батыр-Жаңадария» аудандық маңызы бар жолдың ПҚ146+70 учаскесіндегі автомобиль көпірін қайта құруға қыруар қаржы қаралды. Құрылысы жүріп жатқан тұста каналдың бойынан ашылған уақытта көпірді де су шайып кетіп, халық өбегірге түскен. Қазір ол күндер артта қалды. Бүгінде Аламесек пен Жаңадариялық ағайын ауылға келген меймандар жаңа көпірдің игілігін көріп отыр.

Аталған көпірдің құрылысына ел ағаларының бастамасымен 150 млн теңгеге жуық қаражат бөлінген. 2021 жылдың екінші жарты жылдығында бас мердігер «Жылу-XXI» ЖШС көпір құрылысын бастаған болатын. Көпір құрылысының жалпы құны 143 млн 244 185,28 теңгені құрайды. 2021 жылы тиісті қаражаттың 60 млн теңгеге жуығына құрылыс жұмыстары жүргізілсе, бытыр 70 млн теңгеден астам қаражатқа көпір құрылысы жалғасын тапты. Бастысы ел бүгінде оның игілігін көріп отыр.

Қазақ әуелден жердің табиғатына байланысты өзіне қонымды етіп ат қойып, ол жерлерді солай атап отырған. Қазақ даласындағы жер-су, тау-тастың өзіндік атаулары осылай қалыптасса керек.

Ата-бабаларымыз жаз жайлау, қыс қыстау қоныстанып, мал шаруашылығына қолайлы жағдай жасап отырған. Бертін келе жерді егістік танаптарға айналдырып, яғни тың игеру жылдарынан бері жер-су аттарының көбісі ұмытыла бастады. Жерге географиялық атаулар қойылып, бұрынғы жер бедерлері мен ну-тоғайлар, көп мен сайлар тегістеліп кетті. Дегенмен көнекөз қариялардан қалған «ана жерді былай, мына жерді былай деп айтатын» деген атаулар әлі күнге дейін елдің есінде. Біз сөз басында айттып өткен Қайрақ көпірінің түбін түрткен, осындай дерекке кезігесіз.

Бұрын Есет батыр мен Еңбек ауылының арасында «Қаратайдың табаны» деп аталатын жерде шаруашылық қыстау болған деседі. Еңбек ауылында туып өскен Бекір ақсақалдың сөзіне сүйенсек, сол қыстау жанынан қазылған үлкен су арнасы құрлықты қашыртық суларын ағызатын коллектор болған.

Бұл арна өткен ғасырдың 60 жылдары қазылып, 1970 жылдардың басында арнаға көпір салынған. Қазіргі таңда ол «Жалағаш-Еңбек-Есет батыр-Жаңадария» автожолының көпірі болып есептеледі. Көпір жанындағы қыстау ертеректе «Таскынбайдың қыстауы», одан соң «Есбай тамы» деген атпен белгілі болған.

1970 жылдардың басында көпір салынғаннан кейін «Қайрақ көпірі» деген атқа ие болған. Бұлай аталуына көпір жанындағы шаруашылық қыстауында Қайрақбай Сөлеңулының көп жылдар шаруашылықтың мүйізді ірі қара малын баққаны себеп болса керек.

Қазіргі таңда Есет батыр мен Еңбек ауылының халқы бұл көпірді «Қайрақ көпірі» деп айтады. Өйткені сол жерден өткен-кеткен кісілер адасып, жол іздеген жолаушылар ол кісінің үйіне соқпай өтпеген. Күрежолдың жанында орналасқан қыстау және көпір аты жоғарыда айтылғандай, өткен ғасырдың 70 жылдарынан бері «Қайрақ көпірі» деп аталса керек. Жарты ғасырдан бері дәл осы атпен аталатын көпір ол кісінің жомарттығы, кішіпейілділігіне құрмет, кішігі ізет жасағанының бір дәлелі екені анық.

Жақсының аты қашанда ел жадында сақталатыны анық. «Қаратайдың табаны» шөбі шүйің, суы мол берекелі жер ретінде ол жерді жайлаған мал қай уақытта да қонды болатыны сол маңдағы жұртқа мәлім. Ата-баба қыстауы аталып, кейін ұрпағы Қайрақбайдың атымен аталуының себебі осы болар.

Бұл атау тарих беттерінде хатталып жазылмағанымен ел аузында айтылуының өзі бір мәртебе. Көпір атын меймандар Қайрақбай ұрпақтарының алдағы уақытта «Қайрақ көпірі» деген ресми ат берілсе деген өтініші де жоқ емес. «Заңды орындардан заңды түрде рұқсат болып жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Ел арасын жалғайтын көпір әлі біраз уақыт ел игілігіне жарайды» дейді Бекір ақсақал.

Бекір Қайрақұлының ата-баба қыстауы ретінде танылатын жерге арнап «Қаратайдың табаны», «Таскынбайдың қыстауы» деген өлеңдері де бар. Әлі күнге дейін өзіне қаламды серік еткен қария қолы қалт еткенде ауданды қарасты елді мекендердегі ел аузында қалған атаулардың тарихын қағаз бетіне түсіріп келеді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Қазақты болмысымызды ұмытпайық

Қазақ – көңілі қаншалықты кең болса, соншалықты әр нәрсенің қадірін білетін текті халық. Кезінде адамдық қасиетке көреғар, мұсылмандыққа жат әдеттердің жұрнағы пайда бола бастағанда-ақ ұлы Абай ел-жұртын адасудан алып шықпаққа тырысқан еді. Сол Абайдың өлең жолдарында кездесетін жат қылықтар, надандықтың көріністерін оның алдындағы би-шешендер де айтып кеткен болатын. Кейінгі ұрпақтың көзсіздікке салынып, қанындағы тектіліктен айырылатынын да деп басып айтты. Әсіресе осы ұлы тұлғалар меңзеген қасиеттердің төресі ысырапшылдық пен құр даңғазалық екен. Осыны қазіргі қоғамның бір бөлігі дәлелдеп те жүр.



Ысырапшылдықты бұған дейін де талай мәрте тілге тиік еттік. Бұл тұрасындағы заманауи олқылықтарды тізбектемес бұрын, қолымызға қалам алдырған мына бір мәселені айта кетейік. Бұл да қазақтың менталитетімізден алыс емес дүние. Бірақ қазіргі таңда сөз-сөз бұрмаланып, құндылығын мән-маңызын жоғалтып бара жатқандай.

Мәселен, қыз ұзату тойлары. Әрине біреудің үйлеген қызын ата-анасының разылығымен қолдан ұзатып алғанының артығы жоқ. Бірақ қара шаңырақтың киесін ұмытып бара жатқандаймыз. Қыз біткенді жың-ойнақтың ортасы мейрамханалардан ұзатып тұрып, құтты орнына қоныын тілейміз. Ақ жол тілейміз, барған жерінде бақытты болсын, бақытты қылсын дейміз тағы.

Алайда, «Ата-бабадан жеткен дәстүр ескіріп қалғаны ма?» деген сұрақ туады. Қызды оң жақтан, онаша отырызып, ел көзінен тасалап барып, өмірлік жарына дәл уақыты келгенде ғана жеңгелері тапсырушы еді. Қара шаңырақтан ұзатылған қыз, құдды бір аманат секілді өз үйінің табалдырығын оң аяқпен аттамаушы ма еді?! Қызды қонақ деп қадірлеп, қызым – өрісім, қызым – намысым дейтін текті халықтың бүгінгі жалғасы неге алақанындағы аппақ құсын мейрамханадан емес, өз шаңырағынан ұзатпайды?!

Қазіргі күннің ұзату тойы үйлену тойымен бірдей, сән-салтанаты келісіп тұр. Тіпті ұзатудағы ең басты көзге түрпідей тиер үрдіс – ұзатылатын қыздың қақ төрде күйеу жігіт, қыз жолдас пен жігіт жолдасын қатарласып отыруы. Бұл көрініс негізінен жігіт жақтағы тойға көбірек жарасар еді. Ал қазақ қызының күйеуге шыққанын «менмұңдалап» көрсетіп, қақ төрде болашақ күйеуімен қатар отырып, әке-ағасының көзінше жөн-жоралғысымен құдалар жаққа тапсырылмайынша емінеркін араласуы оғаш көрінісін секілді.

Заманауи ұзату тойындағы тағы бір ерекшелік қателік – қызды ұзататын жеңгелердің орнын ер адамның басқаны. Иә, өзіндік де куә болып жүрген шығарсыз, қазір ер жігіттер де қыз ұзата береді. Кәдімгідей, қаншама халықтың алдында ұзатылып бара жатқан қызға сынсуын айтқызып, қолынан ұстап, күйеу баланың қолына тапсырғанда жеңгесі секілді ақ матаның бойымен жүріп өтеді. Қарап отырсаңыз, тектілігі қанында тулап тұратын халықтың бүгінгі болмысы, салт-дәстүрді ұстануы бұрынғыдан өзгерек деуге болады.

Тағы бір көзге түрпідей тиетін ұзату тойындағы бір жоралғыны айта кетейік. Той орта шеніне жақындағанда асаба ортаға қыздың ата-анасы мен күйеу жігітті және қызды алып шығады. Мұнан соң «қол ұстату» дәстүрі жасалады. Бірақ

ең басты қателік бұл дәстүрді қыздың өз әкесі орындайды. Қызға қырық үйден тыйым айтатын халықтың бүгінгі әкелері өз қызын жігітке өзі тапсырып жатады. Әсілінде, қыз бен жігітті таныстыратын да, жарастыратын да, табыстыратын да, яғни ортадағы дөңкерші жеңгесі болушы еді бұрынғырақ. Бұл да бір салт-дәстүрдің бұрмалануына алып келетін қателік деп есептейміз.

Бойымыз үйреніп келе жатқан тағы мынадай қисынсыз дүние бар, қызды үйден шығарып саларда теселетін тазалықты, адалдықты білдіретін ақ мата «Ақ жол» үстіне кейінгі кездері раушан гүлінің гүлжа-пырақшаларын шашу пайда болды. Бұл өзбіреулерге әсемдіктің бейнесі сияқтанып көрінетін шығар, десе де, осы жайында кезінде этнограф, зерттеуші ғалым Жағда Бабылқылы: «...Қазақтың әрі-бері тарихында көкті жұлғанды кім көрді? Сол жұлпып-жұлмаланған «тірі организмді» ұзатылып бара жатқан қыздың аяғының астына төсеу деген не сүмдік? Гүлді шашқанды қою керек. Қазақта «көктей солған» деген сөз тіркесі бар. Үрім жаман ғой» деп айтып кеткенін естіген едік. Осындай бірер салт-дәстүріміздің өзгеріске ұшырап, мән-маңызынан ауытқып баратыны тайға таңба басқандай білінеді. Алты жыл аш болсақ та атамның салтын сақтау – парызымыз. Оның өзінде өз

қалпында, бар болмысынан ажырамай сақ-талып, соны көзінің қарашығындай алып жүретін ұрпақ болса ие еді.

Ал өңімімізде басында айтақын ысырапшылдыққа әлі күнге түбегейлі тосқауыл болмай тұр. Кешегі карантиннің кезінде біраз саябырсыған салтанатты сарайлардағы той-томалақ қайтадан жандана бастады. Сол бағая шашылып, бағая аста-төк ас пен бір-бірін танымайтын қонақтар. Жақсылықты бөлсең, көбейтетінін білеміз, бірақ көрпеге қарай кесілу керек екенін де ескерген жөн. Екі сағаттық тойға шашылып, кейін жылдар бойы титықтал күн кешіп кететінімізді неге ойламаймыз?! Қазақтың менталитетіміз де, асыл дініміз де ысырапшылдықты күл көрмейді. Сондықтан ата дінінен безіп, ұлттық болмысымыздан ажырамаудың жолын іздейік. Қуаныш қара шаңырақта бөлсеке түссе, сол қырықтың құрбы болып шаңыраққа құт қирмей ме?!

Жалпы қыз ұзатылуда ата-ана қуанады әрі жылдайды. Қуанышы – қызым есті, өрісім кеңейді дегені, жылдайтыны – қолындағы өлпештеген қызын қиманы. Не десек те қыз – жатжұрттық, өзгенің бағы. Бірақ барлық жақсылық өз орнымыз, сәніміз, мәнімізден жасалса, құба-құл дейміз.

Нұр НАУАН

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Таралымы 3097 Тапсырыс № 40